

Қазақстан Республикасының Білім және ғылыми министрлігі  
М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

«БЕКІТЕМІН»

М.Х.Дулати атындағы ТарМУ  
бірінші проректоры

Т.Толқынбаев  
« 7 » 04 2020 ж

**ТЕСТІК ЕМТИХАНДЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ТАПСЫРУ БОЙЫНША  
СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ**

**1. Емтиханға дейін не істеуіңіз керек?**

Емтихан барысында үздіксіз интернет-байланыстың болуын қадағалаңыз (байланысты тексеріңіз; сигнал күшті болатын орынды табыңыз, міндетті түрде емтихан кезінде қоңырау бағытын өзгерту (переадресация) мүмкіндігін қосыңыз).

Жабдықтардың техникалық талабын орындау.

**Емтихан тапсырушының жеке компьютеріне қойылатын талаптар:**

- Стационарлық компьютер немесе ноутбуктың болуы (планшет, смартфон);
- Windows операциялық жүйесінің орнатылуы (7 нұсқасы немесе одан жоғарысы);
- GoogleChrome интернет-браузері немесе MozillaFireFox 72.0, бұдан жоғары нұсқасы да жарайды (iPhone мен iPad үшін 12.3 стандартты Safari нұсқасы немесе одан жоғарысы);
- Жұмыс жасайтын әрі қосулы веб-камера керек (ноутбуктегі өзінің орнатылған камерасы да болады, смартфондардың камерасы алдыңғы жағында қосулы болу керек);
- Емтихан кезінде интернетке үзіліссіз қосылу қажет.

**2. Прокторинг қандай өлшемдер бойынша жүзеге асырылады?**

- Тұлғаға биометриялық сәйкестендіру қызметі жүргізіледі (Сіз жүйеге кіргенде, түр-әлпетіңізді жүйе жазып алады, және тестілеу кезіндегі фотосуретті дерекқорда сақталған суреттермен жүйелі түрде салыстырып тұрады), егер жүйе қандай да бір түрде әдейі ауыстырғанды байқамай жіберіп алса, университет қызметкерлері сессияның соңына дейін биометриялық көрсеткіштерді жартылай автоматты режимде салыстырып тексеруді жүзеге асырады;

- Егер камера сіздің қасыңызда бөгде біреудің немесе екінші адамның түрін белгілесе, жүйе мұны ескереді және тестілеу автоматты түрде аяқталады;

- Емтихан тапсыру кезінде браузерді уақытша жабуға және басқа парақшаларды ашуға, парақтауға тиым салынады;

- Тәртіп бұзушылық болған жағдайда тестілеу жүйесі Сіз жауап берген тестті жабады, содан кейін Сіз үшін жаңа тест қалыптастырады, бірақ жауап беру уақыты тоқтамайды, әрі жалғасады және сіз оны соңына дейін тапсыра алмайтындығыңызға толық негіздер бар.

**3. Тест тапсыру алдында жұмыс орнын дайындау**

Тестілеуден сәтті өту үшін төмендегідей шарттарды міндетті түрді орындау қажет:

- Бөлменің іші жарық болсын;
- Интернеттің жылдамдығын тексеріңіз (смартфондар үшін 4G желісі болу керек);

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылыми министрлігі**  
**М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті**

**«БЕКІТЕМІН»**

М.Х.Дулати атындағы ТарМУ  
бірінші проректоры

\_\_\_\_\_ Т. Толқынбаев

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2020 ж

**ТЕСТІК ЕМТИХАНДЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ТАПСЫРУ БОЙЫНША**  
**СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚ**

**1. Емтиханға дейін не істеуіңіз керек?**

Емтихан барысында үздіксіз интернет-байланыстың болуын қадағалаңыз (байланысты тексеріңіз; сигнал күшті болатын орынды табыңыз, міндетті түрде емтихан кезінде қоңырау бағытын өзгерту (переадресация) мүмкіндігін қосыңыз).

Жабдықтардың техникалық талабын орындау.

**Емтихан тапсырушының жеке компьютеріне қойылатын талаптар:**

- Стационарлық компьютер немесе ноутбуктың болуы (планшет, смартфон);
- Windows операциялық жүйесінің орнатылуы (7 нұсқасы немесе одан жоғарысы);
- GoogleChrome интернет-браузері немесе MozillaFirefox 72.0, бұдан жоғары нұсқасы да жарайды (iPhone мен iPad үшін 12.3 стандартты Safari нұсқасы немесе одан жоғарысы);
- Жұмыс жасайтын әрі қосулы веб-камера керек (ноутбуктегі өзінің орнатылған камерасы да болады, смартфондардың камерасы алдыңғы жағында қосулы болу керек);
- Емтихан кезінде интернетке үзіліссіз қосылу қажет.

**2. Прокторинг қандай өлшемдер бойынша жүзеге асырылады?**

- Тұлғаға биометриялық сәйкестендіру қызметі жүргізіледі (Сіз жүйеге кіргенде, түр-әлпетіңізді жүйе жазып алады, және тестілеу кезіндегі фотосуретті дерекқорда сақталған суреттермен жүйелі түрде салыстырып тұрады), егер жүйе қандай да бір түрде әдейі ауыстырғанды байқамай жіберіп алса, университет қызметкерлері сессияның соңына дейін биометриялық көрсеткіштерді жартылай автоматты режимде салыстырып тексеруді жүзеге асырады;

- Егер камера сіздің қасыңызда бөгде біреудің немесе екінші адамның түрін белгілесек, жүйе мұны ескереді және тестілеу автоматты түрде аяқталады;

- Емтихан тапсыру кезінде браузерді уақытша жабуға және басқа парақшаларды ашуға, парақтауға тиым салынады;

- Тәртіп бұзушылық болған жағдайда тестілеу жүйесі Сіз жауап берген тестті жабады, содан кейін Сіз үшін жаңа тест қалыптастырады, бірақ жауап беру уақыты тоқтамайды, әрі жалғасады және сіз оны соңына дейін тапсыра алмайтындығыңызға толық негіздер бар.

**3. Тест тапсыру алдында жұмыс орнын дайындау**


Тестілеуден сәтті өту үшін төмендегідей шарттарды міндетті түрді орындау қажет:

- Бөлменің іші жарық болсын;
- Интернеттің жылдамдығын тексеріңіз (смартфондар үшін 4G желісі болу керек);


- Веб-камераның қосулы екендігіне көз жеткізіңіз (Тестілеу бағдарламасына кірген кезде камераны қосуға рұқсат сұрайды. Сол кезде «Рұқсат ету» («Разрешить») батырмасын басыңыз);
- Ноутбукты желіге қосыңыз, қуатына көңіл аударыңыз (батарея қуаты төмен болса, құрылғының жұмысын төмендетуі мүмкін);
- Компьютер жоғары деңгейде жұмыс жасау үшін оны қайта іске қосыңыз (перезагрузить);
- Браузердегі қажет емес парақшалардың барлығын жабыңыз.

#### 4. Тестілеу тәртібі

Алдымен **GoogleChrome** браузерін немесе **MozillaFirefox** браузерін іске қосыңыз. Емтихан тапсыруға тестілеу бағдарламасына кіру үшін мекенжай жолағына **testing.tarsu.kz** атауын теріп, енгізіңіз:



Сізге **on-line** тестілеу парақшасы ашылады:



ТарГУ 2016. Все права на дизайн и разработку принадлежат ОДО и ОР ТарГУ. Разработчик: Манолбаев М.Д.

Ашылған парақшада тест тапсырудың 3 түрі беріледі: «қашықтықтан», «сынақ» және «басқа түрі».

**Сіз «Қашықтықтан» деген батырманы басыңыз:**

Осы парақшада студент өзінің логинін енгізеді (е-mail мекенжайы және порталдағы құпия сөзі (төмендегі суретте көрсетіліп тұр)), содан кейін «КІРУ» (ВОЙТИ) батырмасын басады.

### Тестирование

Для входа в тестирование заполните следующую форму

**Предупреждения!**

- Данный портал только работает:  
 1) На компьютерах на которых установлена веб-камера. Под управлением операционной системы Windows 7 и выше.  
 На обновленных браузерах Mozilla Firefox и Google Chrome.  
 2) Современные телефоны под управлением операционной системы Android и iOS подключены к камере.  
 На обновленных браузерах Mozilla Firefox и Google Chrome.  
 3) Современные телефоны (iPhone, iPad) под управлением операционной системы iOS 12.3 (и выше) и iOS подключены к камере.  
 На встроенном обновленном браузере Safari.

E-mail:

Пароль:



Осыдан кейін пәннің атауы көрсетілген парақша ашылады.

### Тестирование

Студент: Абдуганев Аббас  
Выберите дисциплину для начала тестирования!

Выберите дисциплину:  
 Современная история Казахстана 2020-03-31, не прошел. Осталось (27 мин.)



Мұнда пәнді таңдау жолы бар: пән атауы, мерзімі, өту туралы ақпарат және тесті тапсырудың жалпы уақыты көрсетілген.

Пәнді таңдап, **БАСТАУ (НАЧАТЬ)** батырмасын басыңыз, осылайшы тест сұрақтарына кіріп, тестілеуді бастайсыз.

Тестілеу терезесі ашылады. Емтихан тапсыру уақыты 30 минут, сол үшін көңіліңізді аудармаңыз.

Егер Сіз, панелде «Камераны қосуға рұқсат беріңізші...» («Пожалуйста, разрешите доступ к камере...») деген жазуды көрсеңіз, сол жазудың үстін басыңыз. Осыдан соң сіздің суретіңіз ақпараттық панелдің жоғары бөлігінде пайда болады.

Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати  
Online - тестирование

СТУДЕНТ: Абдуганев Аббас  
ДИСЦИПЛИНА: Современная история Казахстана  
ГОД ПОСТУПЛЕНИЯ: 2019

Общее время: 30 минут  
Время начала: 08:51:05  
Текущее время: 08:51:26  
Время до окончания: 27 минут

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20 21 22 23 24 25

Вопрос 7:  
ЖЭС мезенінде жеке тұлғаларға жалға қандай кәсіпорындар берілді?

Варианты ответа:

- Ұсақ кәсіпорындар
- Орташа кәсіпорындар
- Ірі кәсіпорындар
- іске жарамсыз кәсіпорындар
- Мемлекеттік кәсіпорындар

ТарГУ 2016. Все права на дизайн и разработку принадлежат ОДО и ОР ТарГУ. Разработчик: Манапбаев М.Д.

Панелде тестілеуден өтіп тұрған студент туралы ақпарат көрсетіледі, сонымен қатар тест тапсырудың жалпы уақыты, тестілеу басталған уақыт, қалған уақыт қызыл


түспен көрсетіледі. Сондай-ақ сұрақтардың жалпы саны мен реті, сұрақтың өзі және жауаптардың нұсқалары беріледі.

Студент қарамаған сұрақтың түсі көкпен белгіленеді, жауап беріп тұрған сұрағы қызыл түспен боялса, қарастырылған сұрағы сия көк түспен көрініп тұрады. Ал, жауап


берілген сұрақтар жасыл түсті белгімен көрсетіледі.



Егер сіз сұраққа жауап бермесеңіз (жауабыңызға сенімсіз болсаңыз, бұл сұраққа уақытша жауап бергіңіз келмесе, осы сұрақты кейінге қалдырғыңыз келсе), келесі сұраққа


өту үшін АРЫ ҚАРАЙ деген мағынаны білдіретін көрсеткіні (стрелка) басыңыз . Сіз жауап бермеген сұрақтың нөмірі сия көк түске боялады, осылайша Сіз, ол сұраққа кейін жауап бере аласыз. Ол үшін сол сұрақтың нөмірін басасыз.

Егер Сіз, терезені уақытша жауып қойсаңыз немесе басқа парақшаға ауыссаңыз, тестілеу қызметі Сізге қайтадан жаңа тест сұрақтарын береді. Бірақ ондай жағдайда уақыт қайта берілмейді, алдыңғы тестілеудің уақыты жалғасады. Қайтадан өзіңіз туралы мәліметтеріңізді енгізуіңізге тура келеді:




Барлық сұрақтарға жауап беріп болған соң **ТЕСТІ АЯҚТАУ (ЗАВЕРШИТЬ ТЕСТ)** батырмасын басасыз.

Тестілеу аяқталып, сіздің әрекетіңізді нақтылайтын қосымша терезе ашылады.



**ИӘ(ДА)** батырмасын басу керек (осылайша тестілеуді аяқтауға келісім бересіз). Ары қарай Сіздің нәтижеңізді көрсетеді.



## 5. Сізді мазалайтын сұрақтардың жауаптары.

### *Браузерімнің нұсқасын қалай білемін?*

GoogleChrome нұсқасын білу үшін және браузерді жаңарту үшін төмендегідей қызметтерді орындау керек:

#### **Компьютерде:**


1. Компьютердегі Chrome-ды ашыңыз.
2. Оң жақ бұрышындағы «GoogleChrome-ды басқару және баптау» ("Настройка

и управление ") белгісін басыңыз.

3. Анықтама > GoogleChrome браузері туралы (Справка > О браузере GoogleChrome) жазуын таңдаңыз.

Сіздің браузеріңіздің нұсқасының нөмірі көрсетілген парақша ашылады. Осы парақшаға кірген кезіңізде Chrome автоматты түрде жаңартылған қызметті тексереді.

Жаңарту үшін **Қайта қосуды (Перезапустить) басыңыз.**




**Смартфон бойынша (Android платформасы үшін):**

Нұсқасын білу үшін оң жақ бұрыштағы «GoogleChrome-ды басқару және баптау»

("Настройка и управление GoogleChrome") белгісін басыңыз.

Баптау > Chrome браузері туралыны (Настройки > О браузере Chrome) таңдаңыз.



**Немесе бірден жаңартуға болады:**

**PlayMarket**–тегі баптауыңызға қарай GoogleChrome браузері автоматты түрді жаңартылады. Сол жаңартылған нұсқаны төмендегіше тексеруге болады:

1. Play Market-ті ашыңыз.

2. Сол жақ бұрыштағы мәзір→**Менің бағдарламаларым және ойындардағы** (меню→**Мои приложения и игры**) **«Жаңарту»** (**«Обновления»**) бөліміне өтіңіз.

3. Chrome  бағдарламасын табыңыз.

4. Егер осы браузер тізімде болса, оны жаңартыңыз.

#### **iPhone мен iPad үшін:**

Safari қосымшасы iOS-тың бір бөлігі, сол үшін Apple Сіздің телефоныңыздың операциялық жүйесіне қарай осы мобильді браузерді үнемі жаңартып отырады. iOS-тың соңғы шығарылымында Safari нұсқасының нөмірі iOS нұсқасының нөміріне сәйкескеледі: егер сіздің iPhone телефоныңызда iOS 12 орнатылса, Сізде Safari 12 де орнатылған. Safari-дың нұсқасын көру үшін iPhone телефоныңызды жақсылап қараңыз. Ол үшін:

1. Смартфоныңыздың баптауын (настройка) ашып, **«Негізгілер»** (**«Основные»**) батырмасын басыңыз.

2. Келесі экранның жоғары жағынан **«Құрылғы туралы»** (**«Об устройстве»**) жолын басыңыз.

3. «Версия ПО» жолағында көрсетілген нөмірі OS-тың орнатылған нұсқасына сай келеді. Оның Safari-ге де қатысы болады.

Егер сізде ескі нұсқа болса, операциялық жүйені жаңартыңыз.

#### ***Емтихан тапсыру қанша уақытқа созылады?***

25 сұраққа жауап беру уақыты 30 минутты құрайды. Бірақ емтихан қабылдау уақыты 1 сағат. Сіз тестілеу жүйесіне емтихан басталғаннан бастап 40 минут ішінде кіре аласыз. Жүйе бекітілген уақытта жабылады. Мысалы, кесте бойынша емтихан 9-00-ден 10-00-ге дейін. Бірақ Сіз сол уақытта дайын болмай, 9.35-те кірсеңіз, Жүйе бәрібір тура сағат 9.59-да жабылады. Сіздің емтихан тапсыру уақытыңыз 24 минут қана болады.

***Интернет тартпай, компьютер қатып немесе смартфон өшіп қалған жағдайда не істеуге болады?***

Егер Сіздің компьютеріңіз қатып, интернетіңіз өшіп қалып, емтихан тапсыруды жалғастыруға мүмкіндігіңіз болмаса, Деканаттың немесе Тіркеу офисінің электронды поштасына тура емтихан болған күні хабар жолдайсыз. Мекенжайлар университет сайтында берілген. Оларды алдын ала жазып алыңыз.